



## **Шалқар қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қазандағы № 135 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 қарашада № 5688 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10030 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы*

*Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Т. Махамбетов*

*С. Бигеев*

Шалқар аудандық мәслихатының 2017  
жылғы 30 қазандағы № 135 шешімімен  
бекітілген

**Шалқар қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 06.05.2019 № 335 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жүргізілген тексерулер бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу орташа жылдық нормасы, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,66
	Жайлы емес үйлер		1,96
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,37
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,40
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,27
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,32
6	Емханалар	1 келіп кету	0,07
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,91
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,08
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,40
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,06
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,12
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,40
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,59
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,48
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,48
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	1,18
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,10
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	1,23
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,19

23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,62
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,27
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,81
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,74
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,55
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,45
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,94
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,07
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,47